

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

Зерттеулерді этикалық бағалау бойынша комиссия

№4 Хаттама, 26 сәуір 2024 ж.

Қорытынды

1.	Докторанттың ТАӘ	Туребаева Сагадат Даuletbekovna
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	6D080800 – «Топырақтану және агрохимия»
3.	Докторантурада оку кезеңі	2018-2021жж.
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	«Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде топырақты нөлдік өндіру жағдайында күздік бидайды өсіру кезінде тыңайтқыштарды қолдану ерекшеліктері» 30 қазан 2018 жыл №3 хаттама негізінде 2018 жылдың 01 қарашасының №145-Д бүйрүғымен бекітілді.
5.	Ғылыми кеңесшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	Отандық ғылыми кеңесші Жаппарова Айгуль Абсултановна, "Топырақтану, агрохимия және экология" кафедрасының профессоры, а.ш.ғ.к. Шетелдік кеңесші Ельмира Сальников, Теодор Драйзер атындағы топырақтану институтының бөлім менгерушісі, PhD, (Белград қаласы, Сербия Республикасы)
6.	Зерттеу объектілері	Зерттеу жұмысының сұлбасына сәйкес, фосфор тыңайтқышы, азоттың тыңайтқышымен және микротыңайтқыштар, өсімдік өскінінің есуін үдеткіш қолданылды.
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Анықталмады.
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Анықталмады
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	Зерттеу жұмысын жүргізу барысында қоршаған ортаға зиян келтіретін іс-әрекет болған жоқ.

Этикалық комиссияның төрағасы

Т.Айтбаев

Этикалық комиссияның хатшысы

К. Баймуханбетова



Зерттеулерді этикалық бағалау жөніндегі комиссия отырысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Алматы қ.

26 сәуір 2024 ж.

Қатысқандар: Айтбаев Т.Е., Ержанова К.М., Керимова У.К., Баймұханбетова К.З., Омбаев А.М., Сансызбай А.Р., Киркимбаева Ж.С., Табынов К.К., Сандыбаев Н.Т., Қалдыбаев С., Кертешев Т.С., Жоламанов К.К., Калыбекова Е.М., Мамаева Л.А., Алиханов Д.М., Жунисбеков П.Ж., Хазимов К.

Қатыспағандар: Сейтасанов И.С., Мамбетов Б.Т.

КҮН ТӘРТІБІ: 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығының PhD докторанттарының (3 жылғы) диссертациялық жұмыстарын алдын ала тындау және талқылау.

1. 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Туребаева Сагадат Даuletбековнаның «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде топырақты нөлдік өндіру жағдайында күздік бидайды өсіру кезінде тыңайтқыштарды қолдану ерекшеліктері» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысын қарастау.

Отандық ғылыми кеңесшілері: Жаппарова Айгуль Абсултановна, "Топырақтану, агрохимия және экология" кафедрасының профессоры, а.ш.ғ.к.

Шетелдік ғылыми кеңесшісі: Теодор Драйзер атындағы топырақтану институтының бөлім менгерушісі, PhD, (Белград қаласы, Сербия Республикасы)

Жұмыс орындарындағы орын: Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті.

Жарияланған жұмыстар саны: Диссертациялық жұмыс аясында 14 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: 4 мақала – Scopus және Web of Science (79 процентил) мәліметтер базасына тіркелген басылымда, 2 мақала – ҚР Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің талабы бойынша басылымдарда, 7 мақала – «ҚазФЗМИ» ЖШС ғылыми жинағында және «Білім және өркениет» халықаралық журналында жарияланып, диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері ауылшаруашылығы өндірісіне енгізілді.

Сұрақтар:

1. **Сансызбай А.Р.** ҚазҰАЗУ-нің «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры, в.ғ.д., корреспондент мүшесі – Тыңайтқыштарды кәдімгі сұр топыраққа енгізгенде күздік бидайдың өнімділігі қаншалықты жоғарылады?

Жауабы: тәжірибе нұсқаларының арасында ең тиімді болған Р45N70 нұсқасы. Онда күздік бидайдың дән өнімділігі максимумға (33,5 ц/га) жеткен. Бұл бақылау нұсқасына қарағанда 22,6 ц/га қосымша өнім алуға мүмкіндік берген. Ал фосфор тыңайтқыштарын Р₃₀ және Р₄₅ мөлшерде жекелеп бергенде күздік бидайдың дәне өнімділігі сәйкесінше үш жылда орташа 16,7 және 18,2 ц/га құраган. Бұл нұсқалардың шамасы жоғарыда аталған нұсқаға қарағанда

әлдеқайда төмен болса, бақылауға (12,2 ц/га) қарағанда білінерлікте жоғары дәрежеге жеткен.

Керимова У.К. ҚазҰАЗУ-нің Бас ғылыми хатшысы, ә.ғ.д., профессор – диссертациялық жұмысының орындау барысында қанша мақала жарияладының?

Жауабы: диссертациялық жұмыс шенберінде жалпы 14 ғылыми мақалалар жарияланды, оның ішінде Scopus және Web of Science халықаралық базаларына кіретін, процентилі 79-ға (1-ші квартиль) тең журналдарда 4 мақала, ҚР Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің бекіткен басылымдарында 2 мақала, халықаралық конференциялар жинақтарында 8 мақала.

Кертешев Т.С. ҚазҰАЗУ-нің «Су, жер және орман ресурстары факультетінің» деканы, а.ш.ғ.к. – тәжірибе нұсқаларының бойынша күздік бидайдан 1 гектардан неше центнер өнім алынды?

Жауабы: тәжірибеде бақылау нұсқасына (12,2 ц/га) қарағанда тыңайтқыштар берілген нұсқаларда 1 гектарға шакқанда күздік бидайдың дәндер өнімділігі артты. Мысалы, фосфор тыңайтқыштарын 30 және 45 кг/га ә.з. мөлшерінде топыраққа берген кезде күздік бидайдың орташа дән өнімділігі 16,7 және 18,2 ц/га құраса, біріншісіне тағы 50 және 70 кг/га ә.з. түрінде азот тыңайтқыштарын бергенде бидайдың аталған көрсеткіші сәйкесінше 30,2 және 33,1 ц/га – на күрт артқан. Ал азоттың аталған дозалары жағдайында фосфор тыңайтқыштарының мөлшерін 45 кг/га ә.з. мөлшеріне жеткізгенде дән өнімділігі 34,0 және 36,3 ц/га жеткен.

Кертешев Т.С. ҚазҰАЗУ-нің «Су, жер және орман ресурстары факультетінің» деканы, а.ш.ғ.к. – берілген тыңайтқыштар күздік бидай дәнінің сапасына қалай әсер етті?

Жауабы: тәлімі егіншілікте кәдімгі сұр топыраққа тікелей себілген күздік бидайдың өнімділігімен қатар, қолданылған тыңайтқыштар, оның сапасының жақсаруына да әсер етті. Айтар болсак, фосфор және азот тыңайтқыштары бірге қолданылған нұсқаларда күздік бидай дәнінің мөлдірлілігі бақылау нұсқасымен салыстырғанда 12-26%-дейін, протеиндер мөлшері 1,6-1,9%-ға, құрғақ клейковина мөлшері 5,0-7,4%-ға дейін жоғарылаған. Дақыл дәнінің мөлдірлігі фосфор 45, азот 70 тәжірибе нұсқасында ең жоғары (77%) болды.

Айтбаев Т.Е. «Қазақ жеміс-көкөніс ФЗИ» ЖШС-нің Басқарма төрағасы, а.ш.ғ.д., ҰҒА – нің корреспондент мүшесі – сіз диссертациялық жұмысты орындаудан алынған зерттеу нәтижелерін ауылшаруашылық өндірісіне енгіздіңіз бе?

Жауабы: Иә. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жетістіктері Түркістан облысы, Қазығұрт ауданында орналасқан «Қараша Агро» ЖШС алқаптарының егістік жерлерінде өндіріске енгізілді. Енгізу актісі алынды.

Киркимбаева Ж.С. ҚазҰАЗУ-нің «Микробиология, вирусология және иммунология» кафедрасының менгерушісі, вет.ғ.д., профессор – диссертациялық жұмыс қандай да бір мемлекеттік бағдарламаның немесе жобаның аясында жүргізілген бе? Әлде бұл ынталы жұмыс па?

Жауабы: сөзсіз диссертациялық жұмыс 2021 жылғы «Түрлі технологияларды салыстырмалы зерттеу негізінде өсіріп-өндіру технологиясының элементтерін, дифференциалды қоректендіру, өсімдік қорғау құралдары мен рентабельді өндіріске арналған техникаларды пайдаланумен Қазақстанның аймақтары үшін ауылшаруашық дақылдарын өсіріп-өндірудің егіншілік жүйесін құрастыру» ғылыми-техникалық бағдарламасының «Қазақстанның оңтүстігіндегі тәлімі жерлерде топырақты нөлдік өндеу кезінде күздік бидай егістіктерінде тыңайтқыштар мен өсіруді қарқыннатқыштарды пайдаланудың жүйесін құрастыру» жобасы аясында жүргізілді.

Калыбекова Е.М. ҚазҰАЗУ-нің «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, техн.ф.докторы – Сіздің тәжірибелерінізде микротыңайтқыштар мен өсімдік өскінінің өсуін үдеткіштерді бірге қолдану қандай әсер берді?

Жауабы: Күздік бидайдың даму фазаларында микротыңайтқыштар мен өсімдік өсуін реттегіштерді пайдалану зерттеу жылдарында орташа есеппен алғанда 25,3 ц/га өнім алуға мүмкіндік берді. Бұл бақылауға қарағанда екі еседей жоғары (12,2 ц/га), яғни 13,1 ц/га немесе 107,4%-ға артық қосымша өнімділікке қол жеткізген. Алайда оларды қолдану, күздік бидай дәнінің протеин мөлшеріне (11,8%) айтарлықтай әсер етпеген (бақылауда 11,1%).

Айтбаев Т.Е. «Қазақ жеміс-көкөніс ФЗИ» ЖШС-нің Басқарма төрағасы, а.ш.ф.д., ҰҒА – нің корреспондент мүшесі – Неге тәлімі жерде қыска ротациялы алты танапты ауыспалы егіс жүйесінде күздік бидайды мақсарыдан кейін өсірдіңіз?

Жауабы: Расымен бұл ауыспалы егістікте күздік бидайды «нөлдік» технологиямен өсіріп зерттеу мақсары дақылынан соң жүргізілді. Себебі мақсары дақылы ерте көктемде егілетін болғандықтан дән себер алдында жүргізілген іс –шаралар егіс алқабында қыстап шыққан арамшөптерді азайтуға мүмкіндік берді.

Айтбаев Т.Е.: Құрметті этикалық комиссияның мүшелері, С.Д.Туребаевының 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығының PhD философия докторлық дәрежесін алу үшін «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде топырақты нөлдік өндеу жағдайында күздік бидайды өсіру кезінде тыңайтқыштарды қолдану ерекшеліктері» тақырыбына дайындаған ғылыми жұмысы тыңдалып, қарастырылды. Жұмыс жасалған, қолдауға тұраарлық барлық талаптарға сай деп ойлаймын. Енді доктаранттың жұмысы бойынша сіздердің пікірлерінізді ортаға салулуларыңызды сұранамын. Қарсы пікірлер болмаса «Қорғауға жіберуге» дауыс берулерінізді сұранамын. Қарсы, қалыс жоқ. Бірауыздан мақұлданды.

Этикалық комиссия шешімі: Доктаранттың диссертациялық жұмысы ашиқ қорғауға жіберілсін.

Этикалық комиссияның төрағасы

Т. Айтбаев

Этикалық комиссияның хатшысы

К. Баймуханбетова